



Мектеп және колледж түлектеріне арналған ҚарМУ ректорының үндеуі



Қымбатты түлектер! Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті оқытушылары мен студенттерінің мыңдаған ұжымы атынан сіздерге іргелі білім ордасына қош келдіңіздер дегім келеді!

Сіздерді «Қандай білім алу, қай жоғары оқу орнына түсу және қандай мамандық таңдау керек?» дегендей маңызды сұрақтардың мазалауы хақ. ҚарМУ-ға оқуға түсу — бұл сапалы білім алу жолындағы сенімді қадам. Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті еліміздегі тамырын тереңге жайған университеттердің бірі саналады, Қазақстандағы жоғары білім берудің көшбасшысы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың ойы бойынша сапалы білім — бұл әлемнің инновациялық дамуының негізі. Университет ғылым және білім саласындағы инновациялық саясатты қолдай отырып, өндіріс үрдісіне ғылыми өңдеулерді енгізу, сонымен қатар жаңа формациядағы жас мамандарды дайындау, білім беру бағдарламаларының аккредиттелуі, халықаралық білім кеңістігіндегі жоғары оқу орны мәртебесін нығайту бойынша ауқымды жұмыстар атқаруда.

Жоғары оқу орны бакалавриаттың 78 мамандығы бойынша күндізгі, сырттай, қысқартылған және қашықтықтан оқыту нысандары бойынша білім алуға мүмкіндік береді. Біздің түлектеріміз 50-ден аса дайындық бағыты бойынша магистратурада, 12 дайындық бағыты бойынша PhD докторантурада білім алу мүмкіндіктеріне қол жеткізген, шетел университеттерінің магистрлік бағдарламаларын игерген, білім беру, экономика, құқықтану салала-

рында табысты жұмыс жасайды, ірі отандық және халықаралық корпорацияларда сұранысқа ие.

Бүгінгі таңдағы маман озық білімді игеріп, кем дегенде үш тілде еркін сөйлеп, өзіндік шешім қабылдай білуі қажет, ұтқыр, талапты, тәртіпті болуы керек. Осы және өзге де қабілеттіліктерді академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде қалыптастыра алады. Біздің университетте жаңа білім беру технологияларын енгізуге мүмкіндік беретін заманауи ресурстық база қалыптасқан, іргелі және қолданбалы зерттеулер өткізіледі, студенттеріміздің зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамыту жүзеге асырылған.

Университетіміз Республика көлемінде алғашқылардың бірі болып Халықаралық және Ұлттық аккредиттеуден сәтті өтті, бұл ұсынылған білім саласындағы қызметтің жоғары сапасын растау болып табылады. ҚарМУ үздік әлемдік жоғары оқу орындарының QS World Universities Rankings және Webomatrix Rankings, ARES («А» класы сапасының жоғары санаты) Еуропалық стандартының академиялық рейтингілеріне еніп отыр. ҚарМУ ұлттық рейтинг (АРТА және БСҚА) бойынша Қазақстанның үздік университеттерінің үштігіне кіреді.

Біздің университетте елімізде еңбегі жоғары бағаланған танымал ғалымдар қызмет етеді, мәселен, 127 әріптесіміз «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері. Бұл Республика көлеміндегі жоғарғы көрсеткіштердің бірі. Университетке АҚШ, Германия, Жапония, Ресей, Франция, Үндістан, Польша, Италия, Австрия, Чехия және өзге де елдердің танымал ғалымдары келіп дәрістер оқиды.

Академиялық алмасуларды кеңейту бағдарламалары аясында студенттер мен магистранттар, жас ғалымдар таяу және алыс шетел — Еуропалық Одақ елдері, АҚШ, Ресей Федерациясының танымал жоғары оқу орындарында оқып, ғылыми тағылымдамадан өтеді.

Қарағанды мемлекеттік университеті әр студентке кең ауқымды мүмкіндіктер туғызып, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға жағдай жасау — жоғары білім берудің басты мақсаты деп таниды. Университеттің материалдық-техникалық базасы және әлеуметтік инфрақұрылымын

11 оқу ғимараты, 1,7 млн. дана әдеби кітап қоры бар Қазақстандағы ірі университеттік кітапхана, баспахана, сонымен қатар интернет-залдар, Wi-Fi аймағы, мультимедиялық, лингафондық және компьютерлік класстар, Студенттер сарайы, 6 заманауи жатақхана, 2 спорт алаңы, 11 спорт залы мен жеңіл атлетикалық манеж, тренажер залдары құрайды.

Біз Оқу Кеңесі, Жастар ісі жөніндегі комитет пен Студенттік Парламент арқылы университетті басқару ісіне белсенді қатысу мүмкіндігін береміз.

ҚарМУ студенттерінің академиялық жетістіктері атаулы және корпоративтік стипендиялар қатарымен айқындалып отыр. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Президенті, Қарағанды облысы әкімі, әл-Фараби атындағы, Е. А. Бөкетов атындағы, Ақан сері атындағы, Т. Тәжібаев атындағы және қоғамдық білім беру қорларының стипендиялары.

Құрметті түлектер! Біз сіздерді іргелі білім алып, кәсіби және ғылыми-зерттеушілік дағдыларын меңгеріп, бәсекеге қабілетті маман атануға мүмкіндік беретін университетіміздің қабырғасынан көруге әрқашан қуаныштымыз.

Қарағанды мемлекеттік университеті жоғары деңгейлі кәсіби мамандарды даярлайды. ҚарМУ — бұл сапалы білім алуға кепіл болатын мемлекеттік жоғары оқу орнының танымал бренді. ҚарМУ студенті атану арқылы сіздер өз болашақтарыңызды жасап, кәсіби және өмірлік табысқа қол жеткізесіздер.

Университетімізге оқуға түсу сіздердің білімге деген ықыластарыңыз бен табандылықтарыңызға тікелей қатысты. Біз барлық ниет етушілерге өз күшін сынауды ұсынамыз. Білім мен ғылымды сүйетін, сонымен қатар шығармашылыққа жаны жақын жандар университетіміздің студенті атанады. Біз талантты, оқуға деген құштарлығы зор, киелі қара шаңырақтың жоғары мәртебесіне сай келетін жастарды күтеміз.

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне қош келдіңіздер! 2017 жылдың түлектері, сіздерге табыс тілейміз!

Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Е. Қ. КӨБЕЕВ

Факультеттер шақырады

Заң факультеті

Факультет деканы, профессор, заң ғылымдарының докторы Ғалым Зейнекұлы Қожахметов:

Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың заң факультеті 1972 жылы құрылды. Бүгінгі таңда республикадағы жоғары білікті заң мамандарын дайындайтын ең танымал орталықтардың бірі. Қалыптасқан академиялық дәстүрге ие ҚарМУ-дың заң факультеті ұлттық білім беру қауымдастығында алдыңғы қатарда. ҚарМУ заң факультетінің оқытушылары мемлекеттік конкурстардың жеңімпаздары, мемлекеттік наградалар мен сыйлықтардың лауреаттары болып табылады: мұндай жоғары атаққа факультеттің 9 оқытушысы лайық деп танылды.

Факультет ғалымдары ғылыми мектептің дәстүрін жалғастыра отырып, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі, демократиялық, құқықтық мемлекет, ұлттық мемлекеттіліктің қазақстандық доктринасын қалыптастыруға, азаматтық қоғамның мемлекеттік-құқықтық негіздерін құруға қатысты және Қазақстандағы ювеналдық әділеттің құқықтық негіздері сұрақтарын белсенді түрде зерттеп келеді.

ҚарМУ-дың заң факультеті түлектері құқық қорғау жүйесінде, Тәуелсіз Қазақстан-

ның мемлекеттік билік құрылымында қызмет етеді. Факультет ҚР Парламентінің сенаторлары — Р. Т. Түсіпбеков, С. Б. Ақылбай, Қазақстан Республикасының бас прокурорының аға көмекшісі, ҚР Парламентінде бас прокуратураның өкілі — Х. А. Әбішев, ҚР Әділет Министрінің орынбасары — З. Х. Баймолдина, У. Ш. Шапак — ҚР Конституциялық Кеңесінің мүшесі, Төраға орынбасары, Қазақстан халықтары Ассамблеясы Секретариатының жетекшісі — Е. Л. Тоғжанов, Қарағанды облысының прокуроры — А. А. Секишев, Қарағанды облысы бойынша Әділет департаментінің басшысы М. С. Әбілов және өзге де танымал түлектерін мақтан тұтады. Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Еркін Қинойтұлы Көбеев те заң факультетінің түлегі.

Конференциялар, олимпиадалар, дөңгелек үстелдер және ғылыми-зерттеу қызметінің өзге де түрлері факультет пен таяу және алыс шетел жоғары оқу орындары арасындағы байланысты нығайта түсіп, юриспруденцияға қатысты өзекті ғылыми зерттемелерге қатысуға кеңінен жол ашады. Студенттер алған теориялық білімдерін прокуратурада, сотта, кеден органдарында, полицияда, нотариатта, сонымен қатар түрлі жеке меншік кәсіпорындардың заң бөлімдерінде бекіте түседі. Заң факультетінің студенттері белсенді түрде ғы-



лыммен айналысып, ҚарМУ шығармашылық бірлестігінің жұмысына ат салысады, спортта жеңіс тұғырынан көрініп жүр. 2011 жылдан бастап факультетте аз қамсыздандырылған қала азаматтары мен студенттерге заң жөнінен кеңес беретін «Заңгерлік клиника» тегін қызмет етеді. Жоғары курс студенттері практика кезінде өздерінің теориялық білімдерін бекіте түседі.

Факультет мамандықтары:

Бакалавриат:

- 5B030100 — Құқықтану
- 5B030200 — Халықаралық құқық
- 5B030400 — Кеден ісі

Магистратура:

- 6M030100 — Құқықтану
- PhD докторантурасы
- 6D030100 — Құқықтану

Тарих факультеті

Факультет деканы, доцент, тарих ғылымдарының кандидаты Гүлнара Мұратбекқызы Смағұлова:

Тарих факультеті — бұл 1938 жылы негізі қаланған Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың тарих-филология деп аталған алғашқы факультеті. Ол кезде факультеттің негізін қалағандардың бастауында Ленинградтың, Алматының, Украинаның тарихшылары тұрды. 1940 жылы Қарағанды қаласында тарихшылардың алғашқы түлектері шықты. 1966 жылы тарих факультеті өз алдына жеке факультет болып құрылды. Қазіргі уақытта тарих факультеті профессорлардың, оқытушылардың, ғылыми қызметкерлердің, докторанттардың, магистранттар мен студенттердің шығармашылық ұжымын біріктіріп отыр. Тарих факультеті Қазақстан ғалымдарымен, ТМД елдерімен және шетел зерттеушілерімен тығыз ғылыми-шығармашылық қарым-қатынас жасайды. Мұрағаттармен, мұражайлармен байланыс орнатып, мектептерге шефтік қамқорлық көрсетеді. Факультет ұжымы мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында тақырыптық шаруашылық келісім шарттар мен ғылыми жобаларды және басқа да гранттық бағдарламаларды орындайды. Тарих факультеті Орталық Қазақстандағы археологиялық, этнографиялық зерттеулердің орталығы болып табылады. 1972 жылдан бастап факультетте Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың археологиялық экспедициясы жұмысын жалғастыруда.



2011 жылдан бастап Этномәдени және тарихи-антропологиялық зерттеулер орталығы жұмыс істейді. Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына үйрету мақсатында факультетте үйірмелер жұмыс жасайды: «Дипломат», «Жас Алаш», «Тарихи антропология», «Oriens Extremus». Факультет Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын белсенді іске асырады. Тарих факультетінің студенттері «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының «Жас Отан» жастар қанатының мерекелік шаралар акцияларына белсенді қатысады. Факультеттің түлектері орта білім жүйесіндегі мектептерде және жоғары және орта арнаулы білім беретін оқу орындарында, мемлекеттік үкімет органдарында, Президент аппаратында, Парламентте, министрліктерде, Ұлттық қауіпсіздік Комитетінде, Ішкі істер органдарында, Қарулы күштерде қызметкерлер болып, ҚР Сыртқы істер министрлігінде, халықаралық ұйымдарда, трансұлттық корпорацияларда референт, сараптаушы, кеңесші, сыртқы саяси шолушы, шетел тілі бойынша аудармашы (тілмаш-референт) және мұражайларда, мұрағаттарда жұмыс жасайды. Түлектер жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін жүйе бойынша тарих факультетінде магистратурада, докторантурада білімдерін жалғастыра алады. Барлық деңгейдегі білім беру жүйесіндегі мамандықтар дайындауда, атап айтсақ, бакалавриатта, магистратурада, PhD докторантурада сапалы біліммен қамтамасыз ету тарих факультетінің негізгі міндеті.

Факультет мамандықтары:

Бакалавриат:

- 5B011400 — Тарих
- 5B020200 — Халықаралық қатынастар
- 5B020300 — Тарих
- 5B020800 — Археология және этнология

Магистратура:

- 6M011400 — Тарих
- 6M020300 — Тарих
- 6M020800 — Археология және этнология
- PhD докторантурасы
- 6D020300 — Тарих



Ғалымқайыр Мұтанов, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, академик:

— Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Қазақстанның жоғары оқу орындары арасынан алғашқы болып халықаралық аккредитациядан өтіп, Еуропалық менеджментті дамыту қорының (EFMD) сертификатын алды және ұлттық білім беру саласында әлемнің жетекші 600-ден аса жоғары оқу орнын біріктіретін Хартия Коллегиясының толыққанды мүшесі болды. Қарағанды мемлекеттік университетінің Университеттердің Ұлы Хартиясына кіруі алдыңғы қатарлы білім беру стандарттары мен заманауи жаңа инновациялық технологияларды оқу үдерісіне ендіру жолындағы қажырлы еңбегінің нәтижесі болып табылады. Бүгінгі таңда Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті тек елдің ішінде ғана емес, сондай-ақ бүкіл аумақта білім мен ғылымның орталығы болып табылады. Сонымен бірге ол — Орталық Азия аумағындағы дәстүрлі үлгідегі ірі жоғары оқу орны. Классикалық университеттер дәстүрлерін ұстанған білім ордасы Қазақстанның ағарту, ғылым мен мәдениетке қатысты ауқымды істерін абыроймен атқаруда. Талай шәкірттің шам-шырағын жағып, жарқын болашаққа жол бастап жүрген дария кеуде, тау мүсін тұлғалар қасиетті қара шаңырақта аз емес. Университет ұжымы өзінің біліктілігімен, өз істерінің асқан шеберлігімен ерекшеленсе, студенттері бойындағы талпыныс-күшімен, білімге деген құштарлығымен көзге түседі.

Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ қабылдау комиссиясының телефоны 8(7212) 77-03-85

Факультеттер шақырады

Химия факультеті

Факультет деканы, профессор, химия ғылымдарының докторы Еркебұлан Мұратұлы Тәжібаев:

Біздің факультет — бұл төрт кафедранан құралған аймақтағы іргелі химия орталығы болып саналады. Аитулы білім беру орталығы көпдеңгейлі жүйе: бакалавриат, магистратура, PhD докторантурасы бойынша жоғары білікті мамандар даярлайды. Мамандарды даярлау қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүзеге асады. Күндізгі бөлімде оқитын 1-4 курс студенттері кредиттік технология, ал қысқартылған сырттай бөлімде оқығандар қашықтықтан оқыту формасы бойынша білім алады. 2008 жылдан бастап Германия, Ресей, АҚШ, Нидерланды және өзге де елдердің ғалымдарымен бірлесіп «Фармацевтикалық химия», «Химиялық технология», «Химия» бағыттары бойынша PhD докторларын даярлайды.

ҚР БҒМ комитеті төрағасының 2008 жылдың 3 сәуіріндегі № 58 бұйрығы бойынша Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-да физика-химиялық зерттеу әдістері инженерлік лабораториясы ашылды. Аталмыш лабораторияда студенттер, магистранттар және оқытушылар ғылыми эксперименттер мен зерттеулер жасайды. Жоғары маманданған мамандар даярлау үшін қосымша академиялық ғылыми-зерттеу институттары — Химия-металлургия институты, «Органикалық синтез және көмір химия институты» ЖШС, «Фи-

тохимия» ХФХ» АҚ, «Eurasian Chemical Group» ЖШС, «Alian-paint» ЖШС, «ҚазМұнайГаз өнімдері» АҚ кәсіпорындарының ғылыми-техникалық базалары қолданылады. ҚарМУ-дың химия факультетін тәмамдаған студенттер мұнай химиясы, фармацевтика, газ, көмір өндірістерінде сұранысқа ие. Түлектер сонымен қатар сот экспертиза лабораторияларында, стандарттау және сертификация орталықтарында, санитарлық-эпидемиологиялық, экологиялық және химиялық экспертиза лабораторияларында эксперт болып және өзге де жерлерде жұмыс істей алады.

Факультет мамандықтары:

Бакалавриат:

- 5В011200 — Химия
- 5В060600 — Химия
- 5В072000 — Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы
- 5В072100 — Органикалық заттардың химиялық технологиясы
- 5В074800 — Фармацевтикалық өндіріс технологиясы

Магистратура:

- 6М011200 — Химия
- 6М060600 — Химия
- 6М072000 — Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы
- 6М072100 — Органикалық заттардың химиялық технологиясы
- 6М073900 — Мұнай химиясы

PhD докторантурасы

- 6D060600 — Химия

Экономика факультеті

Факультет деканы, профессор, экономика ғылымдарының докторы Бауыржан Сатыбалдыұлы Есенгельдин:

ҚарМУ-дың экономика факультеті — бакалавриаттың 15 мамандығы, магистратураның 11 мамандығы бойынша экономика салаларының мамандарын және PhD докторантурасының 1 мамандығы бойынша материалдық өндіріс және қызмет көрсетудің барлық салалары үшін мамандар дайындайды.

Кәсіби білім алу, ғылыми зерттеулер мен өндірістік практика — бұл үшеуі оқу үрдісіне міндетті түрде қажет негізгі құраушылар болып саналады. Студенттер бакалавр дәрежесін алған соң білімін әрі қарай магистратурада жалғастыра алады.

Біздің түлектер өндірістік және құрылыс компанияларында, ауылшаруашылық және транспорттық ұйымдарда, туризм, спорт салаларында, қаржы мекемелерінде, сонымен қатар мемлекеттік құрылымдарда, жоғары және кәсіби оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында қызмет ете алады.



Факультет мамандықтары:

Бакалавриат:

- 5В011500 — Құқық және экономика негіздері
- 5В050600 — Экономика
- 5В050700 — Менеджмент
- 5В050800 — Есеп және аудит
- 5В050900 — Қаржы
- 5В051000 — Мемлекеттік және жергілікті басқару

- 5В051100 — Маркетинг
- 5В051300 — Әлемдік экономика
- 5В051900 — Еңбекті ұйымдастыру және нормалау

- 5В052100 — Мемлекеттік аудит
- 5В090200 — Туризм
- 5В090400 — Әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету

- 5В090800 — Бағалау
- 5В090900 — Логистика (салалар бойынша)

- 5В091200 — Мейрамхана ісі және қонақ үйі бизнесі

Магистратура:

- 6М011500 — Құқық және экономика негіздері
- 6М050600 — Экономика
- 6М050700 — Менеджмент
- 6М050800 — Есеп және аудит
- 6М050900 — Қаржы
- 6М051000 — Мемлекеттік және жергілікті басқару

- 6М051100 — Маркетинг
- 6М051300 — Әлемдік экономика
- 6М051800 — Жобаларды басқару
- 6М052000 — Іскерлік-әкімшілік жүргізу
- 6М090200 — Туризм

PhD докторантурасы

- 6D050600 — Экономика

Е.А. Бөкетов атындағы

ҚарМУ колледж

мамандықтарына

(11 сынып негізінде) келесі

мамандықтар бойынша

қабылдауды жариялайды:

- 0201000 «Құқықтану» (Оқу мерзімі 1 жыл 10 ай)
- 0511000 «Туризм» (салалар бойынша) (Оқу мерзімі 10 ай)
- 0512000 «Аударма ісі» (Оқу мерзімі 1 жыл 10 ай)
- 0513000 «Маркетинг» (салалар бойынша) (Оқу мерзімі 1 жыл 10 ай)
- 0516000 «Қаржы» (салалар бойынша) (Оқу мерзімі 1 жыл 10 ай)
- 0518000 «Есеп және аудит» (салалар бойынша) (Оқу мерзімі 1 жыл 10 ай)
- 0519000 «Экономика» (салалар бойынша) (Оқу мерзімі 1 жыл 10 ай)
- 0906000 «Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары» (Оқу мерзімі 2 жыл 10 ай)
- 1202000 «Тасымалдауды ұйымдастыру және көліктегі қозғалысты басқару» (салалар бойынша) (Оқу мерзімі 2 жыл 10 ай)
- 1306000 «Радиоэлектроника және байланыс» (түрлері бойынша) (Оқу мерзімі 1 жыл 10 ай)

ҰБТ (ТКТ) тапсыру үшін дайындық курстары

Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ қосымша білім беру факультетінде жоғары оқу орындарына түсу емтихандарын тапсыруға талапкерлерді дайындайтын курстар жұмыс істейді:

- ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін тегін курстар; оқу мерзімі — 9 ай (қазан айынан маусым айына дейін);
 - «Білім беру» бағытындағы мамандықтар бойынша оқуға түсу үшін тегін курстар: биология, информатика, физика және химия, ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылатын; оқу мерзімі — 9 ай (қазан айынан маусым айына дейін);
 - ақылы курстар, оқу мерзімі — 9 ай (қазан айынан маусым айына дейін), қысқа мерзімді курстар — 4 ай (наурыз айынан маусым айына дейін).
- Бюджеттік негізде оқу үшін міндетті түрде түсу тестілеуі керек.

Өткен жылдардың қорытындысы бойынша жыл сайын Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ дайындық бөлімі түлектерінің 95% жоғары оқу орындарына түсуге қажетті өту балын жинайды, олардың 50-55% білім гранттарының иегерлері атанады.

Телефон бойынша анықтамалар

8(7212) 77-01-76.

Факультеттер шақырады

Физика-техникалық факультеті

Факультет деканы, доцент, техника ғылымдарының кандидаты Бекболат Рақышұлы Нүсіпбеков:

Физика-техникалық факультеті Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің алдыңғы қатарлы факультеттерінің бірі. Факультетте кәсіби қызмет саласында жоғары дағдылануға ие, білім беру, өнеркәсіп, бизнестің түрлі саласында табысты жұмыс істеуге қабілетті білікті ғылыми-педагогикалық және инженер кадрлар дайындалады.

Факультеттің профессорлық-оқытушылар құрамы жаратылыстану бағыты бойынша қолданбалы және іргелі зерттемелерді өткізеді. Факультет бағдаршысы ретінде көпдеңгейлі білім беру бағдарламаларын жүзеге асырушы және ғылыми зерттемелерді белсенді дамытушы алдыңғы қатарлы ресейлік және шетелдік университет мектептерінің жалпы мойындалған үлгілері қызмет етеді. Шетелдік жоғары оқу орындары мен профессорлық-оқытушылар құрамының әріптестік тығыз қарым-қатынас орнатуы факультет артықшылығы болып табылады. Нақтырақ айтқанда, кафедраар Тарту университеті (Эстония), Гумбольдт университеті (Берлин, Германия), Чех Республикасы Ғылым академиясының ядролық физика институты (Прага, Чехия), Рязань мемлекеттік радиотехника университеті (Ресей), әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚМПУ, Ү. Алтынса-

рин атындағы ҚБА институты, РҒА СБ жылу физика институты, РҒА СБ теориялық және қолданбалы механика институты, РҒА СБ бейорганикалық химия институты, Беларусь ҰҒА қолданбалы механика институты, Томск мемлекеттік университеті (Ресей), ҚР БҒМ физика-техникалық институты, Алматы, Санкт-Петербург мемлекеттік политехникалық университеті (Ресей), Техникалық жылу физика институты (Украина) сынды танымал ғылыми-білім беру орталықтарымен тығыз байланыста.

Физика-техникалық факультетінің профессорлық-оқытушылар құрамының жоғары біліктілігімен қатар түрлі стипендиялар мен ғылыми гранттарға үміткер мамандық иелері — бакалаврлар, магистрлар мен PhD докторларын дайындау деңгейінің жоғарылығын да атап өту керек.

Факультет мамандықтары:

Бакалавриат:

- 5B011000 — Физика
- 5B012000 — Кәсіптік оқыту
- 5B012800 — Физика-информатика
- 5B060400 — Физика
- 5B070300 — Көлік, көлік техникасы және технологиялар
- 5B071600 — Аспап жасау
- 5B071700 — Жылу энергетикасы
- 5B071900 — Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар



- 5B072300 — Техникалық физика
- 5B073100 — Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі
- 5B090100 — Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану

Магистратура:

- 6M011000 — Физика
- 6M012000 — Кәсіптік оқыту
- 6M060400 — Физика
- 6M072300 — Техникалық физика
- 6M071700 — Жылу энергетикасы
- PhD докторантурасы
- 6D060400 — Физика

Математика және ақпараттық технологиялар факультеті

Факультет деканы, доцент, физика-математика ғылымдарының кандидаты Дәулет Бөдешұлы Әлібиев:

Математика және ақпараттық технологиялар факультетінің студенттері математика, информатика, механика, ақпараттық жүйе салалары, компьютерлік модельдеу бойынша фундаментальді білім алады. Факультет түлектерінің 10-ы докторлық, 64-і кандидаттық диссертация қорғаған. Мамандарды даярлау 15 ғылым докторы, оның ішінде «ЖОО ең үздік оқытушысы» грантының, жас ғалымдарға арналған «Ғылым мен техниканың дамуына қосқан көрнекті үлесі» мемлекеттік стипендиясы жеңімпаздарының көмегімен жүзеге асады.

Факультет студенттері математика бойынша халықаралық ғылыми конкурстар мен рес-

публикалық олимпиадаларда бірнеше мәрте жеңімпаз атанды. Оқу үрдісінде оқытушылар оқытудың қазіргі заманауи ақпараттық-педагогикалық технологиясы: модульдік технология, жеке бағдарланған, эвристикалық оқытуды, компьютерлік зерттемелерді қолданады. Студенттер «Компьютерлік графика», «Веб-дизайн», «Компьютерлік желілер», «Флэш-анимациялар» және өзге де тақырыптар бойынша өзекті курстарды меңгереді. Оқу үрдісіне «Электронды университет» жүйесі енгізілген.

Оқытудың жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейі мен материалдық-техникалық базасы 2012 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық аккредиттеу орталығы рейтингінде 5B010900 — «Математика» және 5B011100 — «Информатика» мамандығы бойынша екінші орынды қамтамасыз етті.

Факультет түлектері математика және информатика мұғалімі, ақпараттық жаңа технологиялармен байланысты әртүрлі профильдегі ұйымдарда инженер-программист, ғылыми-зерттеу орталықтарының қызметкерлері, жобалық, технологиялық орталықтарда инженер-программист, банктік және салық жүйесінде инженер-программист, мектепте математика мұғалімі, орташа арнайы оқу орындарында мұғалім, экономиканың түрлі саласында IT-технологиялар маманы болып қызмет атқара алады. Түлектердің көпшілігі PhD бағдарламасы бойынша шетелдік АҚШ, Еуропа және Шығыс Азия университеттерінде магистратура және докторантурада білім алады.

Факультет мамандықтары:

Бакалавриат:

- 5B010900 — Математика
- 5B011100 — Информатика
- 5B060100 — Математика
- 5B060200 — Информатика
- 5B060300 — Механика
- 5B070300 — Ақпараттық жүйелер
- 5B070500 — Математикалық және компьютерлік модельдеу

Магистратура:

- 6M010900 — Математика
- 6M060100 — Математика
- 6M060200 — Информатика
- 6M060300 — Механика
- PhD докторантурасы
- 6D060100 — Математика



Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ қабылдау комиссиясының телефоны 8(7212) 77-03-85

Факультеттер шақырады

Шетел тілдері факультеті



Факультет деканы, профессор, педагогика ғылымдарының докторы Бақытгүл Асылбекқызы Жетпісбаева:

Шетел тілдері факультеті — бүгінгі таңда шетел тілінде білім беретін ұлттық білім беру жүйесіндегі көшбасшылық ұстанымға ие ҚарМУ-дың жас факультеттерінің бірі. Факультет 1994 жылы филология факультеті жанындағы шет тілдер бөлімінің негізінде құрылды.

Факультет құрылған күннен бастап 5000-нан астам шет тілдер мұғалімдерін, ЖОО оқытушыларын, филологтар, аудармашыларды (ағылшын, неміс, француз, қытай, корей тілдері), сонымен қатар Түркия, Италия, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстаннан келген студенттерді білім ошағынан қанаттандырды.

2004 жылдан бастап шет тілдерді оқыту Еуропа елдерінде шет тілдер бойынша бакалавр дипломының мойындалуына мүмкіндік беретін Еуропалық стандарт негізінде өткізілді. Барлық мамандық бойынша факультетте екінші шетел тілін (француз, неміс, қытай) үйрену міндетті. 2017 жылдан бастап екінші шетел тілі ретінде итальян тілін оқыту жоспарланып отыр.

Факультет студенттері мен магистранттары — халықаралық білім беру бағдарламаларының белсенді қатысушылары. Олар «Болашақ» Президент стипендиясы, «Erasmus Mundus» Еуроодақ бағдарламасы, Герман қызметі академиялық ауысулар стипендиясы (DAAD), Француз альянсы, Конфуций Институты т. б. бағдарлама стипендияларының иегерлері. Студенттер түрлі бағыттарда, әр түрлі халықаралық шараларда және спорт жарыстарын-

да аудармашы ретінде жұмыс жасап, белсенді волонтерлық қызмет атқарады.

Шихэзы университетімен (Қытай) және Новосибирск мемлекеттік педагогикалық университетімен (Ресей) студенттердің алмасуы ұтымды ұйымдастырылуда. 2016-2017 оқу жылынан бастап НМПУ-мен бірлескен қос дипломды білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады.

Оқыту үдерісін тілдерін үйреніп жатқан елдерде тағылымдамадан өткен жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы жүзеге асырады. Факультетте Германия, Франция, Қытай тағы басқа елдерден келген тіл мамандары жұмыс істейді.

Факультет мамандықтары:

Бакалавриат:

- 5B011900 — Шетел тілі: екі шетел тілі
- 5B020500 — Шетел филологиясы
- 5B020700 — Аударма ісі

Магистратура:

- 6M011900 — Шетел тілі: екі шетел тілі
- 6M012000 — Шетел филологиясы

PhD докторантурасы

- 6D011900 — Шетел тілі: екі шетел тілі

Биология-география факультеті

Факультет деканы, доцент, биология ғылымдарының кандидаты Айдар Мұратұлы Айтқұлов:

Биология-география факультеті Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіндегі ертеден келе жатқан факультеттерінің бірі, 1972 жылы педагогикалық институттың жаратылыстану факультеті базасында қалыптасқан, оның тарихы 1952 жылдан басталады. Қазіргі уақытта биология-география факультеті — бұл 4 кафедраны, ғылыми, оқу зертханаларды, зерттеу орталықтарын, Табиғат мұражайын, өте бай гербарий қорын, Қарқаралы ұлттық саябағындағы оқу-далалық базасын біріктіретін ірі педагогикалық және ғылыми ұжым. Факультетте 700-ден астам студент, магистранттар мен докторанттар оқиды, 60-тан астам қызметкер жұмыс жасайды, оның ішінде 3 ғылым докторы, 29 ғылым кандидаты, 16 магистр. Олардың ішінде Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласында еңбек сіңірген қайраткерлері, «ЖОО үздік оқытушысы» конкурсының жеңімпазы бар. Студенттер мен магистранттар және қызметкерлер Чехияның, Румынияның, Нидерландының, Ұлыбританияның, Ресейдің алдыңғы қатарлы университеттерінде тағылымдамадан өтіп тұрады.

Факультеттің мамандықтары шетелдік (ACQUIN, Германия) және ұлттық аккредитациялық (БСҚА, Астана) агенттіктерінен аккредитациядан өткен. Факультет түлектері Денсаулық сақтау министрлігінің еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар Ұлттық орталығында, Халықаралық «Фитохимия» ғылыми-өндірістік холдингінде, Ұлттық биотехнология орталықтарында, өсімдік шаруашылығы және селекция институтында, ҚР Әділет министрлігінің сот сараптау зертханаларында, ұлттық саябақтарда, санитарлық-эпидемиологиялық станцияларда, ауыл шаруашылығының облыстық басқармаларында және т. б. жұмыс істейді.

Факультет мамандықтары:

Бакалавриат:

- 5B011300 — Биология
- 5B011600 — География
- 5B060700 — Биология
- 5B060900 — География
- 5B060800 — Экология
- 5B070100 — Биотехнология

Магистратура:

- 6M060700 — Биология
 - 6M060800 — Экология
- #### PhD докторантурасы
- 6D060700 — Биология



Серғазы Әдеkenов, «Фитохимия» Халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі басқарма төрағасы, ғылым және техника саласындағы ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР ҰҒА академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор, Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ Бақылау кеңесінің мүшесі:

— Қазіргі қоғамның дамуы, экономикалық гүлденуі, өмір сапасы, ұлттық қауіпсіздігі білім беру саласының жағдайымен, ғылымның өрістеуімен, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тәжірибе жүзінде пайдалану тиімділігімен айқындалады. «Фитохимия» Халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі және Қарағанды фармацевтикалық кешенінде Қарағанды мемлекеттік университетімен біріккен қолданбалы және іргелі зерттеулер аясында бірқатар ғылыми жобалар жүзеге асырылып, үлкен жетістіктерге жетуде. Сондай-ақ Қарағанды мемлекеттік университеті түлектерінің көптен бір бөлігі «Фитохимия» Халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі және Қарағанды фармацевтикалық кешенінде білікті маман ретінде қызмет атқаруда. Өндірістік цехтар мен зертханаларда жылына 100-ден аса ҚарМУ студенттері, магистранттары және докторанттары оқу-өндірістік және дипломдық тәжірибелерді сәтті өтуде.



Факультеттер шақырады

Философия және психология факультеті

Факультет деканы, профессор, философия ғылымдарының докторы Байжол Ысқақұлы Кәріпбаев:

Қазақстандық қоғамда дамып келе жатқан инфрақұрылым үшін әлеуметтік-гуманитарлық бағытта мамандарды дайындау қажеттілігінің артуы арқасында 1995 жылы факультет ашылды.

Философия және психология факультеті көптеген шетел ұйымдарымен, жоғары оқу орындарымен тығыз ғылыми-зерттеушілік, педагогикалық байланыстарды орнатты. Солардың ішінде: Ф. М. Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университеті, Башқұрт аграрлық мемлекеттік университеті, Мәскеу мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург мемлекеттік университе-

ті, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті (Өзбекстан), Яссы университеті (Румыния), София университеті (Болгария).

Факультетте студенттердің ғылыми дискуссияларға қатысуына жол ашатын, зерттеу машықтарын дамытатын, практикалық тәжірибені игертетін академиялық орта қалыптасқан. Философия және психология факультетінің студенттері шетелдік және отандық ғылыми орталықтармен, мемлекеттік билік органдарымен бірлесе отырып әлеуметтану, саясаттану, психология, дінтану, мәдениеттану, философия, әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік педагогика, мәдени-тынығу жұмысына қатысты өзекті зерттеулерге қатыса алады.

Факультет студенттері түрлі республикалық, облыстық әлеуметтік және саяси акци-

яларға белсенді түрде қатысып, үгіт поезімен ел аралап, жастардың этномәдени және діни толеранттылығын қалыптастыруға бағытталған жобаларды жүзеге асырады. Факультет түлектері мемлекеттік билік органдарында, күш құрылымдарында, мәдениет мекемелерінде, үкіметтік емес ұйымдарда, жоғары оқу орындарында, колледждер мен мектептерде сұранысқа ие. Бакалавриат түлектері магистратурада әрі қарай білім жетілдіре алады.

Факультет мамандықтары:

Бакалавриат:

- 5В012300 — Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
- 5В020100 — Философия
- 5В020400 — Мәдениеттану
- 5В020600 — Дінтану
- 5В050100 — Әлеуметтану
- 5В050200 — Саясаттану
- 5В050300 — Психология
- 5В090500 — Әлеуметтік жұмыс
- 5В090600 — Мәдени-тынығу жұмысы

Магистратура:

- 6М012300 — Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
- 6М020100 — Философия
- 6М020400 — Мәдениеттану
- 6М050100 — Әлеуметтану
- 6М050200 — Саясаттану
- 6М050300 — Психология
- 6М090500 — Әлеуметтік жұмыс

PhD докторантурасы

- 6D020100 — Философия



Филология факультеті

Факультет деканы, профессор, филология ғылымдарының докторы Мұхаммадғали Илиясұлы Әбдуов:

1938 жылы негізі қаланған филология факультеті бүгінгі таңда Республика көлемінде тіл және әдебиет, БАҚ мамандарын дайындайтын алдыңғы қатардағы орталыққа айналып отыр. Факультеттің біліктілігі жоғары оқытушылары тілдерді меңгерген, әлем әдебиеті мен мәдениетіне, қазіргі заманғы ақпарат кеңістігіне еркін бағдарланған түлектерді дайындайды.

Факультетте филолог мамандарды дайындауды қамтамасыз ететін берік академиялық дәстүрлер қалыптасқан. Студенттер бірнеше мамандықты игере алады. Түлектердің бұқаралық ақпарат құралдарында, білім беру ұйымдарында, мемлекеттік мекемелерде, жарнамалық агенттіктерде, түрлі баспаларда қызмет етуіне кең көлемде мүмкіндік қарастырылған.

Студенттер үшін оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми және көркем әдебиет қорына бай кітапхана, лингафондық кабинеттер, мультимедиялық дәрісханалар мен компьютерлік

сыныптар, оқу телевидениесі қызмет етеді. Факультетте студенттердің шығармашылық және ғылыми әлеуетін дамыту үшін жағдай жасалынған.

ҚарМУ-дың филология факультеті мен М. В. Ломоносов атындағы ММУ, А. С. Пушкин атындағы орыс тілі институты, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Лингвистикалық зерттеу институты (Мәскеу қ.), Іле педагогикалық университеті (ҚХР), Орталық Ұлттар Университеті (ҚХР) арасында берік ынтымақтастық байланыс қалыптасқан. Бакалавриат түлектері білімдерін әрі қарай магистратурада, PhD докторантурасында жалғастыра алады.

Факультет мамандықтары:

Бакалавриат:

- 5В011700 — Қазақ тілі мен әдебиеті
- 5В011800 — Орыс тілі мен әдебиеті
- 5В012100 — Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті
- 5В012200 — Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті
- 5В020500 — Филология (қазақ, орыс)
- 5В050400 — Журналистика
- 5В051400 — Қоғаммен байланыс

Магистратура:

- 6М011700 — Қазақ тілі мен әдебиеті
- 6М011800 — Орыс тілі мен әдебиеті
- 6М020500 — Филология
- 6М050400 — Журналистика

PhD докторантурасы

- 6D020500 — Филология



Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ қабылдау комиссиясының телефоны 8(7212) 77-03-85

Факультеттер шақырады

Педагогика факультеті

Факультет деканы, профессор, философия ғылымдарының кандидаты Мирлан Мейрамбекұлы Иманбеков:

Біздің факультеттің оқытушылары мен студенттері педагогикалық үрдістерге қызығушылығымен, өзін-өзі қалыптастыруға ұмтылысымен ерекшеленеді. Педагогика факультеті зерттеме және инновациялық технологияларды мақұлдау лабораториясы болып табылады. Өскелең ұрпақтың білім сапасы факультет түлектерінің кәсіби біліктілігіне тікелей тәуелді. Оқытушылардың мақсаты — факультет қабырғасында теориялық біліммен қаруланған мамандарды дайындау, білім беру саласында адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеу.

Студенттер «Педагогика тарихы», «Педагогикалық менеджмент», «Логопедия негіздері», «Мектепке дейінгі тәрбиені ұйымдастыру», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі», «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі», «Материалдық мәдениет пен дизайн тарихы» және өзге де пәндерді қызыға оқиды. Факультет студенттері мектепке дейінгі және орта білім ошақтарында, колледждерде, жоо-да, білім басқармаларында сұранысқа ие.

«Дефектология», «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының студенттік командалары Республикалық студенттік пәндік олимпиадасының бірнеше дүркін жеңімпаздары болып табылады.

АРТА даярлау деңгейі мен бағыты бойынша ҚР жоғары оқу орындарының тәуелсіз рейтингі бакалавриат бойынша барлық педагогикалық мамандықтар біздің еліміздің алғашқы үздік үштігіне еніп отыр. «Дефектология», «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтары 1 орынға ие. Факультеттің жетістігі 7 ғылым докторымен, 25 ғылым кандидатымен, «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының 15 иегерімен, ұжымның бірлескен жұмысымен негізделеді.

Факультет мамандықтары:

Бакалавриат:

- 5B010100 — Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
- 5B010200 — Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі



- 5B010300 — Педагогика және психология
 - 5B010500 — Дефектология
 - 5B010700 — Бейнелеу өнері және сызу
 - 5B042100 — Дизайн
- Магистратура:
- 6M010100 — Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
 - 6M010200 — Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
 - 6M010300 — Педагогика және психология
 - 6M010500 — Дефектология
- PhD докторантурасы
- 6D010200 — Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
 - 6D010300 — Педагогика және психология

Дене мәдениеті және спорт факультеті

Факультет деканы, профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты Нұрманбек Рамашұлы Рамашов:

Біздің факультет екі негізгі бағыт: дене мәдениеті және спорт, бастапқы әскери дайындық бойынша мамандар дайындайды. Бакалавриат түлектері магистратурада әрі қарай білімін жалғастыра алады. Оқыту бағдарламасында студенттер спорттық-педагогика, медицина-биологиялық пәндерді (спорттық ойындар, гимнастика, ұлттық ойындар, жеңіл атлетика, жүзу) оқиды, әскери-патриоттық тәрбие бойынша, төтенше жағдайлар турасында сабақтар өтеді. Сабақ заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған арнайы спорт залдарында өткізіледі. Терең білім мен кәсіби машыққа ие студенттеріміздің еңбек нарығының талаптарына жауап бере алуы түрлі кәсіптік салада олардың қажеттілігін арттырады.

Біздің түлектер мектептерде, колледждерде, спорттық клубтарда, азаматтық қорғаныс орталықтарында, Қазақстан ішкі істер органдарында, шекара және ішкі әскерде, білім жә-

не дене мәдениеті саласында мемлекеттік қызметте қызмет ете алады. Факультет студенттері мемлекеттік грант бойынша және коммерциялық негізде білім алады. Жыл сайын озат студенттер қосымша білім грантына ие болады. Біздің факультетке оқуға түсу үшін екі пән бойынша емтихан міндетті түрде тапсырылады — спорттық ойындар (баскетбол, волейбол) және гимнастика. Шығармашылық емтиханнан жинаған максималды балл (50) талапкерге біздің факультеттің мамандықтары бойынша грантты жеңіп алатын қосымша мүмкіндік сыйлайды.

Факультет мамандықтары:

Бакалавриат:

- 5B010400 — Бастапқы әскери дайындық
- 5B010800 — Дене мәдениеті және спорт

Магистратура:

- 6M010400 — Бастапқы әскери дайындық
- 6M010800 — Дене тәрбиесі және спорт



Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ, Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары:

— Қарағанды мемлекеттік университеті осы уақытқа дейін талай тамаша тарландары мен таланттарын, қырандары мен ұландарын қанаттандырып ұшырды. Баршаңызға мәлім, Алаштың айтулы азаматтары бастаған алыптар көші бүгінгі күнге дейін өз жалғасын тауып, өскелең ұрпақ білім мен ғылым қайнарына суындап, киелі қара шаңырақтан түлеп шығуда. Қазақстанның арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты жастарын баулып, білім мен ғылым көзін ашып, ұлт мүддесі үшін қызмет ете беріңіздер! Сіздердің білім ордаларыңызда өткен кездесулер мен әдеби кештерге қатысу барысында қашан болмасын әдебиет пен өнерге етене жақын, талантты студенттердің өте көп екендігін байқадым. Қаншама түлектеріңіз Республика деңгейінде танымал қоғам қайраткерлері, өнер майталмандары, қаламгерлері. Жұмыстарыңызға жеміс, шығармашылық табыс, жаңа белестер тілеймін. Ұстаз жолында бастысы қажымас қайрат, талмас қанат емес пе?! Ғылым мен білім нұрын тегіп, еліміздің дамуына үлкен үлес қосатын ұрпақ тәрбиелеңіздер! Өркендеп келе жатқан еліміздің ашық аспаны аясында толағай табыстарға жетіңіздер!



Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ мамандықтары бойынша 2016 жылғы мемлекеттік білім беру тапсырысы және межелік өту балдары

Государственный образовательный заказ и полупроходные баллы 2016 года в разрезе специальностей КарГУ им. Е. А. Букетова

| Шифр | Мамандық атауы Наименование специальности | ҚР бойынша 2016 жылғы мемлекеттік тапсырыс Государственный заказ по РК на 2016 год | | | | 2016 жылдың межелік өту балдары (күндізгі оқу бөлімі) Полупроходные баллы на очную форму обучения в 2016 году | | | |
|--|---|---|-----------|--|-----------|--|------|-----------|------|
| | | күндізгі / күндізгі қысқартылған на очную / очную сокращенную | | сырттай қысқартылған оқу бөлімі на заочную / сокращенную | | қаз. бөл. | | рус. отд. | |
| | | қаз. бөл. | рус. отд. | қаз. бөл. | рус. отд. | жалпы | ауыл | общ. | сел. |
| 1. Білім беру / Образование | | | | | | | | | |
| 58010100 | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу / Дошкольное обучение и воспитание | 165 / 23* | 55 / 7* | 19 | 6 | 82 | 80 | 74 | 73 |
| 58010200 | Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі / Педагогика и методика начального обучения | 68 / 8* | 22 / 2* | 11 | 4 | 85 | 84 | 86 | 81 |
| 58010300 | Педагогика және психология / Педагогика и психология | 53 / 8* | 17 / 2* | 11 | 4 | 89 | 85 | 85 | 78 |
| 58010400 | Бастапқы әскери дайындық / Начальная военная подготовка | 11 | 4 | 11 | 4 | 93 | 93 | 89 | 89 |
| 58010500 | Дефектология / Дефектология | 161 / 15* | 54 / 5* | 34 | 11 | 86 | 84 | 81 | 76 |
| 58010700 | Бейнелеу өнері және сызу / Изобразительное искусство и черчение | 15 / 4* | 5 / 1* | 8 | 2 | 94 | 92 | 93 | 86 |
| 58010800 | Дене шынықтыру және спорт / Физическая культура и спорт | 360 / 15* | 120 / 5* | 11 | 4 | 87 | 80 | 83 | 91 |
| 58010900 | Математика / Математика | 128 / 8* | 42 / 2* | - | - | 88 | 86 | 81 | 77 |
| 58011000 | Физика / Физика | 90 / 8* | 30 / 2* | - | - | 84 | 82 | 76 | 72 |
| 58011100 | Информатика / Информатика | 143 / 15* | 47 / 5* | - | - | 81 | 78 | 72 | 63 |
| 58011200 | Химия / Химия | 105 / 8* | 35 / 2* | - | - | 82 | 80 | 69 | 62 |
| 58011300 | Биология / Биология | 105 / 8* | 35 / 2* | - | - | 87 | 85 | 85 | 80 |
| 58011400 | Тарих / История | 38 / 8* | 12 / 2* | - | - | 88 | 87 | 86 | 84 |
| 58011500 | Құқық және экономика негіздері / Основы права и экономики | 8 | 2 | 8 | 2 | 92 | 91 | 88 | 84 |
| 58011600 | География / География | 15 | 5 | 11 | 4 | 90 | 85 | 87 | 85 |
| 58011700 | Қазақ тілі және әдебиеті / Казахский язык и литература | 305 / 30* | - | 41 | - | 86 | 81 | - | - |
| 58011800 | Орыс тілі және әдебиеті / Русский язык и литература | - | 60 / 10* | - | 10 | - | - | 83 | 81 |
| 58011900 | Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын) / Иностранный язык: два иностранных (английский) | 311 / 23* | 104 / 7* | 30 | 10 | 96 | 89 | 96 | 88 |
| 58011900 | Шетел тілі: екі шетел тілі (неміс) / Иностранный язык: два иностранных (немецкий) | 11 | 4 | - | - | 71 | - | 57 | - |
| 58011900 | Шетел тілі: екі шетел тілі (француз) / Иностранный язык: два иностранных (французский) | 11 | 4 | - | - | 65 | - | 81 | - |
| 58012000 | Кәсіптік оқыту / Профессиональное обучение | 113 / 38* | 37 / 12* | 15 | 5 | 79 | 78 | 70 | 63 |
| 58012100 | Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті / Казахский язык и литература в школах с казахским языком обучения | 45 | - | - | - | 85 | 82 | - | - |
| 58012200 | Орыс тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті / Русский язык и литература в школах с русским языком обучения | - | 70 | - | - | - | - | 79 | 77 |
| 58012300 | Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану / Социальная педагогика и самознание | 145 / 8* | 48 / 2* | - | - | 83 | 80 | 75 | 73 |
| 58012800 | Физика-информатика / Физика-информатика | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 2. Гуманитарлық ғылымдар / Гуманитарные науки | | | | | | | | | |
| 58020100 | Философия / Философия | 8 | 2 | - | - | 86 | - | 89 | - |
| 58020200 | Халықаралық қатынастар / Международные отношения | 15 | 5 | - | - | АБ-97 | - | АБ-95 | - |
| 58020300 | Тарих / История | 60 | 20 | - | - | 90 | - | 88 | - |
| 58020400 | Мәдениеттану / Культурология | 8 | 2 | - | - | 88 | - | 87 | - |
| 58020500 | Филология / Филология | 80 | 20 | - | - | 96 | - | 84 | - |
| 58020600 | Дінтану / Религиоведение | 68 | 22 | - | - | 90 | - | 83 | - |
| 58020700 | Аударма ісі / Переводческое дело | 56 | 19 | - | - | АБ-94 | - | АБ-93 | - |
| 58020800 | Археология және этнология / Археология и этнология | 11 | 4 | - | - | 88 | - | 87 | - |
| 58021000 | Шетел филологиясы: ағылшын тілі / Иностранная филология: английский язык | 8 | 2 | - | - | АБ-91 | - | АБ-94 | - |
| 58021000 | Шетел филологиясы: неміс тілі / Иностранная филология: немецкий язык | 3 | 1 | - | - | ПО-58 | - | 80 | - |
| 58021000 | Шетел филологиясы: француз тілі / Иностранная филология: французский язык | 3 | 1 | - | - | 67 | - | 79 | - |
| 58021000 | Шетел филологиясы: ытай тілі / Иностранная филология: китайский язык | 3 | 1 | - | - | АБ-90 | - | АБ-93 | - |
| 3. Құқық / Право | | | | | | | | | |
| 58030100 | Құқықтану / Юриспруденция | 34 | 11 | - | - | АБ-92 | - | 100 | - |
| 58030200 | Халықаралық құқық / Международное право | 23 | 7 | - | - | АБ-95 | - | АБ-94 | - |
| 58030400 | Кеден ісі / Таможенное дело | 8 | 2 | - | - | АБ-90 | - | 100 | - |
| 4. Өнер / Искусство | | | | | | | | | |
| 58042100 | Дизайн / Дизайн | 23 | 7 | - | - | 95 | - | 97 | - |

| Шифр | Мамандық атауы Наименование специальности | ҚР бойынша 2016 жылғы мемлекеттік тапсырыс Государственный заказ по РК на 2016 год | | | | 2016 жылдың межелік өту балдары (күндізгі оқу бөлімі) Полупроходные баллы на очную форму обучения в 2016 году | | | |
|---|---|---|-----------|--|-----------|--|--------|-----------|-------|
| | | күндізгі / күндізгі қысқартылған на очную / очную сокращенную | | сырттай қысқартылған оқу бөлімі на заочную / сокращенную | | қаз. бөл. | | рус. отд. | |
| | | қаз. бөл. | рус. отд. | қаз. бөл. | рус. отд. | жалпы | ауыл | общ. | сел. |
| 5. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес / Социальные науки, экономика и бизнес | | | | | | | | | |
| 58050100 | Әлеуметтану / Социология | 15 | 5 | - | - | 91 | - | 90 | - |
| 58050200 | Саясаттану / Политология | 15 | 5 | - | - | 100 | - | 94 | - |
| 58050300 | Психология / Психология | 26 | 9 | - | - | 91 | - | 94 | - |
| 58050400 | Журналистика / Журналистика | 60 | 20 | - | - | 99 | 96 | 97 | 90 |
| 58050600 | Экономика / Экономика | 23 | 7 | - | - | АБ-96 | АБ-92 | АБ-92 | 90 |
| 58050700 | Менеджмент / Менеджмент | 23 | 7 | - | - | АБ-94 | - | АБ-91 | - |
| 58050800 | Есеп және аудит / Учет и аудит | 26 | 9 | - | - | АБ-97 | АБ-93 | АБ-92 | АБ-90 |
| 58050900 | Қаржы / Финансы | 23 | 7 | - | - | АБ-97 | - | АБ-94 | - |
| 58051000 | Мемлекеттік және жергілікті басқару / Государственное и местное управление | 22 | 7 | - | - | АБ-96 | АБ-93 | АБ-88 | 92 |
| 58051100 | Маркетинг / Маркетинг | 26 | 8 | - | - | АБ-89 | - | ПО-100 | - |
| 58051300 | Әлемдік экономика / Мировая экономика | 15 | 5 | - | - | АБ-91 | - | АБ-90 | - |
| 58051400 | Қоғаммен байланыс / Связь с общественностью | 15 | 5 | - | - | 90 | - | 58 | - |
| 58051900 | Еңбекті ұйымдастыру және нормалау / Организация и нормирование труда | 11 | 4 | - | - | 88 | - | 90 | - |
| 58052100 | Мемлекеттік аудит / Государственный аудит | 19 | 6 | - | - | 100 | - | 94 | - |
| 6. Жаратылыстану ғылымдары / Естественные науки | | | | | | | | | |
| 58060100 | Математика / Математика | 116 | 39 | - | - | 88 | - | 79 | - |
| 58060200 | Информатика / Информатика | 165 | 55 | - | - | 82 | - | 76 | - |
| 58060300 | Механика / Механика | 60 | 20 | - | - | 85 | - | 78 | - |
| 58060400 | Физика / Физика | 98 | 32 | - | - | 82 | - | 74 | - |
| 58060600 | Химия / Химия | 113 | 37 | - | - | ПО-91 | - | ПО-79 | - |
| 58060700 | Биология / Биология | 94 | 31 | - | - | 88 | - | 87 | - |
| 58060800 | Экология / Экология | 99 | 33 | - | - | 88 | - | 86 | - |
| 58060900 | География / География | 64 | 21 | - | - | 87 | - | 85 | - |
| 7. Техникалық ғылымдар және технологиялар / Технические науки и технологии | | | | | | | | | |
| 58070100 | Биотехнология / Биотехнология | 225 | 75 | - | - | 91 | 84 | 91 | 79 |
| 58070300 | Ақпараттық жүйелер / Информационные системы | 225 / 113* | 75 / 37* | - | - | 95 | 82 | 94 | 75 |
| 58070500 | Математикалық және компьютерлік модельдеу / Математическое и компьютерное моделирование | 120 | 40 | - | - | 87 | - | 82 | - |
| 58071300 | Көлік, көліктік техника және технологиялар / Транспорт, транспортная техника и технология | 373 / 60* | 124 / 20* | - | - | 85 | 77 | 82 | 66 |
| 58071600 | Аспап жасау / Приборостроение | 165 | 55 | - | - | 79 | - | 76 | - |
| 58071700 | Жылу энергетикасы / Теплоэнергетика | 143 / 90* | 47 / 30* | - | - | 88 | 81 | 87 | 69 |
